«TWIX® ҚОНАҚТАРЫ» АКЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ОҒАН ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ережелер **«TWIX® ҚОНАҚТАРЫ»** (әрі қарай – «Акция») деп аталатын жарнамалық акцияны өткізу тәртібін, шарттары мен мерзімдерін, сондай-ақ Акцияға қатысу шарттарын, жеңімпазды анықтау және жүлдені алу тәртібін белгілейді.

1.2. Акция осы Ережелерде анықталған тәртіп пен шарттар бойынша өткізіледі. Акцияның жарнамалық сипаты бар, тәуекелге негізделмеген, лотерея болып табылмайды және Қазақстан Республикасының аумағында **«TWIX®»** сауда маркасының өнімдерін ілгерілету мақсатында өткізіледі.

1.3. Акция ұйымдастырушысы «Марс Қазақстан» ЖШС тапсырысы бойынша (әрі қарай – «Акцияға Тапсырыс беруші) **«Olympus agency (Олимпус эджденси)»** жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (мекенжайы: 050040, Қазақстан Республикасы, Бостандық ауд., Алматы қ., Байзақов көш., 280-үй, 3-т.о.) (әрі қарай – «Акция Ұйымдастырушысы) болып табылады.

1.4. Акцияның өткізілу аумағы – Қазақстан Республикасы.

1.5. Акцияның жалпы өткізілу мерзімі:
соңғы күнді қоса алғанда **02 қараша 2026 – 7 желтоқсан 2026 жыл аралығы** (әрі қарай – «Акцияның өткізілу кезеңі»).

1.6. Акцияға қатысуға өтінімдерді қабылдау кезеңі:
соңғы күнді қоса алғанда, 2026 жылғы 02 қараша Астана қ. уақыты бойынша сағат 00:00-ден бастап, 2026 жылғы 29 қараша Астана қ. уақыты бойынша сағат 23:59-ға дейін (әрі қарай – «Өтінімдерді қабылдау кезеңі»)**.**

1.7. Акцияның ресми ережелері
https://www.twixpromo.kz веб-сайтында (әрі қарай – «Сайт») орналастырылады.

1.8. Акцияға қатысу фактісі Қатысушының осы Ережелермен толық танысқанын, олармен келісетінін және оларды сақтауға міндеттенетінін білдіреді.

1.9. Акция ұйымдастырушысы осы Ережелерге өзгертулер енгізу құқығын өзіне қалдырады және бұл жағдайда Ережелердің жаңартылған нұсқасын Сайтта міндетті түрде орналастырады.

2. АКЦИЯҒА ҚАТЫСАТЫН ТАУАРЛАРДЫҢ АТАУЫ

2.1. Акция «TWIX®», «MARS®», «SNICKERS®», «BOUNTY®», «MILKY WAY®» сауда маркаларының өнімдеріне (әрі қарай – «Акциялық өнім») қатысты өткізіледі, атап айтқанда:

Snickers® minis 184 г
Snickers® minis өлшенбелі
Mars® minis 184 г
Mars® minis өлшенбелі
Milky Way® minis 184 г
Milky Way® minis өлшенбелі
Twix® minis 184 г

Twix® minis өлшенбелі
Bounty® minis өлшенбелі

2.2. Акцияға қаптамасында «сатуға арналмаған», «өнім тегін таратуға арналған» деген жазулары немесе соған ұқсас өзге де белгілері бар тауарлар қатыспайды.

2.3. Акция Ұйымдастырушысы Акцияның өткізілу кезеңі ішінде Акциялық өнімдердің тізімін өзгерту құқығын өзіне қалдырады және бұл жағдайда өзекті тізімді Сайтта міндетті түрде орналастырады.

3. ТҰЛҒАНЫҢ АКЦИЯ ҚАТЫСУШЫСЫ БОЛУЫ ҮШІН ҰСТАНАТЫН ШАРТТАРЫ

3.1. Осы Ережелердің талаптарына сәйкес келетін және осы Ережелердің 4-бөлімінде қарастырылған әрекеттерді орындаған жеке тұлға Акция қатысушысы болып танылады.

3.2. Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, Акцияға қатысу сәтінде **16 (он алты) жасқа** толған және мобилді телефоны бар тұлғалар (әрі қарай – «Қатысушы») Акцияға қатыстырылады.

3.3. Акцияға келесі тұлғалар қатыстырылмайды:

- Акция Ұйымдастырушысы мен Акцияға Тапсырыс берушінің қызметкерлері;
- көрсетілген тұлғалардың отбасы мүшелері;
- Акцияны ұйымдастыру мен өткізуге тартылған үшінші тұлғалардың қызметкерлері мен өкілдері және олардың отбасы мүшелері;
- Акция Ұйымдастырушысы мен Акцияға Тапсырыс берушінің үлестес тұлғалары;
- Қазақстан Республикасында ықтиярхаты жоқ шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар.

3.4. Акцияға қатысу фактісі мынаны білдіреді:

- Қатысушының осы Ережелермен толық әрі сөзсіз келісуі;
- Қатысушының осы Ережелерде көрсетілген көлемде және мақсаттарда өзінің жеке деректерін өңдеуге келісуі;
- Қатысушының Акцияны өткізуге байланысты ақпараттық хабарламаларды алуға келісуі.

3.5. Бір Қатысушы Акцияға **тек бір мобилді телефон нөмірін пайдаланып** тіркелуге және қатысуға құқылы.

3.6. Бір тұлғаның бірнеше тіркеуді немесе телефон нөмірін пайдаланғаны анықталған жағдайдағы Акция Ұйымдастырушысының құқықтары:

- осындай Қатысушының барлық нәтижесін жою;
- себебін түсіндірместен қатыстырудан және/немесе жүлдені беруден бас тарту.

4. АКЦИЯҒА ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ

4.1. Акция Қатысушысы атану және жүлде ұтыс ойынына қатысу мүмкіндігіне ие болу үшін 2026 жылғы 02 қараша **сағат 00:00:00 бастап 2026 жылғы 29 қараша сағат 23:59:59 дейін (Астана қ. уақыты бойынша)** келесі әрекеттерді орындау қажет:

4.1.1. Осы Ережелердің 2.1-т. көрсетілген «TWIX®», «MARS®», «SNICKERS®», «BOUNTY®», «MILKY WAY®» сауда маркасының Акциялық өнімін **кемінде 1000 (бір мың) теңгеге** сатып алу.

4.1.2. Акция сайтында **https://www.twixpromo.kz** адресі бойынша мобилді телефон нөмірін қоса алғанда, шынайы мәліметтерді көрсете отырып тіркелу.

4.1.3. «TWIX®», «MARS®», «SNICKERS®», «BOUNTY®», «MILKY WAY®» Акциялық өнімін сатып алғанын растайтын чекті Сайтта жүктеу.

4.2. Қатысушыны тіркеу бір-ақ рет жүзеге асырылады. Дәл сол деректерді пайдалана отырып, қайта тіркелуге жол берілмейді.

4.3. Акцияға қатысу **тек чектерді жүктеу арқылы ғана** жүзеге асырылады.
Осы Акция аясында штрих-кодтарды тіркеу және өзге де механикалар (соның ішінде рефералды сілтемелер) арқылы қатысу **қарастырылмаған**.

4.4. Бір чек Акцияға тек **бір рет қана** тіркелуі мүмкін.

4.5. Чектер осы Ережелердің талаптарына сәйкес келген жағдайда, бір Қатысушы жүктей алатын чектердің саны **шектелмеген**.

4.6. Чектер міндетті модерациядан өтеді. Чектерді тексеру мерзімі жүктелген сәттен бастап **72 (жетпіс екі) сағатқа дейінгі мерзімді** құрайды.

4.7. Егер чек:

- осы Ережелердің талаптарына сәйкес келмесе;
- редакциялау немесе қолдан жасау белгілері болса;
- Кемінде 1000 теңге сомаға «TWIX®», «MARS®», «SNICKERS®», «BOUNTY®», «MILKY WAY®» Акциялық өнімінің сатып алынғанын растамаса;

Акция Ұйымдастырушысы Қатысушыға қосымша хабарлама жіберместен, мұндай чекті қабылдамауға құқылы.

4.8. Қатысушы жүктелетін чектердің дұрыстығына, түпнұсқалығына және оқылуына жауапты болады.

5. ЧЕКТЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1. Акцияға қатысу үшін Қатысушы осы Ережелердің 2.1-т. көрсетілген «TWIX®», «MARS®», «SNICKERS®», «BOUNTY®», «MILKY WAY®» сауда маркасының Акциялық өнімін сатып алғанын растайтын чекті Сайтқа жүктеуге міндетті.

5.2. Жүктеуге келесі талаптарға сәйкес келетін чектер қабылданады:

5.2.1. Чек Акцияның өткізілу кезеңінде алынған болуы тиіс.

5.2.2. Чек **кемінде 1000 (бір мың) теңге сомаға** «TWIX®», «MARS®», «SNICKERS®», «BOUNTY®», «MILKY WAY®» Акциялық өнімінің сатып алынғанын растакуы тиіс;

5.2.3. Чекте келесі мәліметтер анық көрінуі тиіс:

- сатып алу күні мен уақыты;
- сауда нүктесінің атауы;
- «TWIX®», «MARS®», «SNICKERS®», «BOUNTY®», «MILKY WAY®» Акциялық өнімінің атауы;
- сатып алынған заттың қорытынды сомасы.

5.2.4. Чек редакциялау белгілері жоқ фотосурет немесе скан-көшірме түрінде ұсынылуы тиіс.

5.2.5. Чектің суретіне қойылатын талаптар:

- оқылуы тиіс;
- жарық жақсы түсетін жерде фотоға түсірілуі тиіс;
- шеттері кесіп тасталмауы тиіс;
- ақпаратты жауып тұратын бөгде элементтер болмауы тиіс.

5.2.6. Жүктелетін файлдардың рұқсат етілген форматтары: **JPEG, JPG, PNG, PDF**.
Файлдың ең жоғарғы көлемі — **10 (он) Мб**.

5.3. Бір чек Акцияға қатысу үшін **тек бір рет қана** пайдаланылуы мүмкін.

5.4. Акция Ұйымдастырушысының құқықтары:

- Қатысушыдан чектің түпнұсқасын сұрау;
- заттың сатып алынғанын растайтын қосымша мәліметтерді ұсынуды талап ету.

5.5. Акция Ұйымдастырушысы мынадай жағдайларда чекті қабылдамауға құқылы:

- чек осы Ережелердің талаптарына сәйкес келмесе;
- чектегі ақпарат оқылмайды немесе мүлдем жоқ;
- чекте редакциялау немесе қолдан жасау белгілері болса;
- Чек «TWIX®», «MARS®», «SNICKERS®», «BOUNTY®», «MILKY WAY®» Акциялық өнімінің сатып алынғанын растамайды;
- міндетті деректемелердің ең болмаса біреуі: күні, уақыты, фискалдық белгісі (ФБ) немесе машинаның тіркеу нөмірі (МТН) жоқ чектер акцияға қатыспайды. Деректемелері оқылмайтын немесе ішінара өшіп қалған чектер осы деректемелері жоқ чектерге теңестіріледі;
- мәліметтері ФДО арқылы расталмайтын чектер (чек фискалдық деректер операторының жүйесінен табылмаса немесе оның деректемелері ФДО мәліметтеріне сәйкес келмесе) акцияға қатыспайды. Ұйымдастырушы мұндай чектер үшін жауапты болмайды. Қатысушы сатушының кассалық жабдығының жұмысына және ФДО-ға мәліметтердің берілуіне қатысты сұрақтарды сатушыға жолдауға құқылы.

5.6. Чекті қабылдамау немесе қабылдау туралы шешімді Акция Ұйымдастырушысы қабылдайды және ол түпкілікті болып табылады.

6. АКЦИЯНЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

6.1. Акцияның жүлде қоры Тапсырыс берушінің қаражаты есебінен құралады.

6.2. Акция аясында келесі жүлде қарастырылған:

Акцияның бас жүлдесі:

Қайрат Нұртастың жеңімпазға келуі, бұл кездесу 1 (бір) сағатқа созылады — Акцияның бүкіл өткізілу кезеңінде 1 (бір) бірлік.

6.3. Жүлде осы Ережелердің шарттарын орындаған бүкіл Акция Қатысушылары арасында **бір рет ұтысқа тігіледі**.

6.4. Жүлденің сыртқы түрі, форматы және іске асыру егжей-тегжейлері жарнамалық және ақпараттық материалдарда пайдаланылған суреттерден өзгеше болуы мүмкін.

6.5. Акция Ұйымдастырушысы Тапсырыс берушімен келісе отырып, жүлденің іске асырылу форматын (соның ішінде келу күнін, орнын немесе форматын) жеңімпаз үшін оның құндылығын төмендетпестен өзгертуге құқылы.

6.6. Жүлде ақшалай баламаға айырбасталмайды, қайтарылмайды немесе басқа жүлдеге ауыстырылмайды.

6.7. Жүлдені үшінші тұлғаларға Акция Ұйымдастырушысының жазбаша келісімімен ғана беруге болады.

6.8. Осы Ережелерде тікелей көрсетілгендерді қоспағанда, жүлдені алу мен оны пайдалануға байланысты барлық шығынды жеңімпаз өзі көтереді.

7. ҰТЫС ОЙЫНЫН ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДЫ АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

7.1. Акцияның бас жүлде иегерін анықтау:

29 қараша 2026 жыл

келесі әрекеттерді жасаған бүкіл Қатысушылар арасында жүзеге асырылады:

- Акция Сайтында тіркелген;
- Өтінімдерді қабылдау кезеңінде кемінде 1 (бір) чекті дұрыс жүктеген;
- осы Ережелердің барлық шарттарын орындаған.

7.2. Акция шарттарын орындаған әрбір Қатысушыға бірегей сәйкестендіру нөмірі (ID) беріледі.

Берілген ID нөмірлерінің саны Қатысушының Акция аясында жүктеген және қабылданған чектерінің санына байланысты болады.

7.3. Жеңімпазды анықтау мамандандырылған бағдарламалық жасақтаманы пайдалана отырып, барлық тіркелген және қабылданған чектердің жалпы ауқымынан ID нөмірлерін кездейсоқ таңдау (рандомды іріктеу) әдісімен жүзеге асырылады.

7.4. Акция Ұйымдастырушысы ұтыс ойыны аясында келесілерді анықтайды:

- **негізгі жеңімпаз** — бас жүлде иесі;
- **резервтік жеңімпаз** — негізгі жеңімпаз жүлдені ала алмаған жағдайда.

7.5. Ұйымдастырушы тиісті ұтыс ойынынан кейін 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде жеңімпазбен тіркелу кезінде көрсетілген телефон нөмірі бойынша байланысады. Осы мерзім ішінде Ұйымдастырушы жеңімпазбен 3 (үш) ретке дейін байланысу әрекетін жасайды. Егер байланысқа шыға алмаса, Ұйымдастырушы резервтік жеңімпазға хабарласуға құқылы.

7.6. Ұтыс ойынының нәтижелері ақырғы болып табылады және қайта қаралмайды.

7.7. Жеңімпаз туралы ақпарат келесі көздерде жарияланады:

- Акция Сайтындағы «Жеңімпаздар» бөлімінде;
- әлеуметтік желілердегі брендтің ресми парақшаларында (Ұйымдастырушының қалауы бойынша).

8. ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕР

8.1. Осы Ережелерге сәйкес Акцияға қатысу фактісі Акция Қатысушысының осы Ережелермен келісетінін растайды, сондай-ақ Акция Ұйымдастырушысының, Акция Операторының және Акцияны өткізу үшін кез келген тәсілмен Ұйымдастырушы/Оператор тартқан өзге де серіктестердің (әрі қарай – «өзге серіктестер») Акция Қатысушысының Акцияны өткізу мақсатында тиісті Қатысушының Акция мақсатында ұсынатын жеке деректерін және осы Ережелерге сәйкес осы Ережелерде көзделген

тәртіппен өңдеуге еркін, нақты, ақпараттандырылған және саналы түрде келісетінін білдіруі болып табылады.

8.2. Қатысушы Акцияға қатысу туралы шешімді қабылдай отырып, осылайша өзі ерікті түрде берген кез келген ақпаратты, соның ішінде Қатысушының жеке деректерін, сондай-ақ Қатысушы Акция Сайты арқылы ұсынған кез келген өзге де материалдардағы ақпаратты Ұйымдастырушы, оның уәкілетті өкілдері (Оператор мен өзге де серіктестер) осы Ережелерге сәйкес Ұйымдастырушының міндеттемелерін орындау мақсатында және (немесе) жарнама агенттіктерінің жарнама мақсатында Қатысушының қосымша келісімін алмастан және оған бұл үшін қандай да бір сыйақы төлеместен, өңдеп, тарата алатынына берген келісімін растайды. Акция Қатысушылары Акцияға қатысу үшін тіркелу кезінде өздері көрсеткен жеке деректерді Ұйымдастырушы (Операторлар, өзге серіктестер) Акцияны өткізу мақсатында барлық қажетті тәсілдермен өңдейтінін түсінеді және жоғарыда көзделгендей, осы Ережелерді қабылдау кезінде осындай өңдеуге келісім береді.

8.3. Осы Ережелердің мақсаты бойынша Жеке деректер (ЖД) деп тікелей немесе жанама түрде анықталған немесе анықталатын жеке тұлғаға (жеке деректер субъектісіне) қатысты кез келген ақпарат түсініледі.
Осы Ережелермен ЖД жинау деп ЖД-ны алуға арналған кез келген әрекет (операция) түсініледі.
Осы Ережелердегі ЖД өңдеу деп Акцияны өткізу мақсатында Акция Қатысушысы ұсынған жеке деректерді жинақтау, сақтау, өзгерту, толықтыру, пайдалану, тарату, иесіздендіру, бұғаттау мен жоюды қоса, автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе ЖД-мен осындай құралдарды пайдаланбай жасалатын кез келген әрекет (операция) немесе әрекеттер (операциялар) жиынтығы түсініледі.
Осы Ережелерде ЖД пайдалану деп меншік иесінің, оператордың және үшінші тұлғаның қызмет мақсаттарын іске асыруға бағытталған, автоматтандыру құралдарын қолдану арқылы немесе мұндай құралдарды қолданбай жеке деректермен жасалатын кез келген іс-әрекет (операция) немесе іс-әрекеттер (операциялар) жиынтығы түсініледі;
Осы Ережелерде ЖД сақтау деп ЖД тұтастығын, құпиялылығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша автоматтандыру құралдарын қолдану арқылы немесе мұндай құралдарды қолданбай ЖД-мен жасалатын кез келген іс-әрекет (операция) немесе іс-әрекеттер (операциялар) жиынтығы түсініледі;
Осы Ережелерде ЖД тарату деп жасалу нәтижесінде жеке деректерді беру орын алатын, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе кез келген өзге тәсілмен жеке деректерге қол жеткізуді ұсыну (ЖД-ны белгісіз адамдар тобына ашуға бағытталған іс-әрекеттер, атап айтқанда: Акция сайтында, сондай-ақ өзге де дереккөздерде Қатысушының Акция барысында Акция сайты арқылы ұсынған тегі, есімі, тұрғылықты қаласы, e-mail, телефон нөмірі, тұрғылықты қаласы немесе өзге де елді мекені туралы мәліметтерді, сондай-ақ осы Ережелерде көрсетілген және (немесе) ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда Қатысушының ұтысы (жүлдесі) туралы мәліметтерді ашық жариялау) болып табылатын, автоматтандыру құралдарын қолдану арқылы немесе мұндай құралдарды қолданбай ЖД-мен жасалатын кез келген іс-әрекет (операция) немесе іс-әрекеттер (операциялар) жиынтығы түсініледі.

8.4. ЖД өңдеу Акция Ұйымдастырушысымен, Акция Операторымен және Акция Ұйымдастырушысының табыстауы/тапсырысы бойынша әрекет ететін өзге серіктестермен, ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңымен көзделген қағидалар мен ережелерді сақтай отырып орындалады.
Акция Ұйымдастырушысына/Операторына Акция Қатысушылары болып табылмайтын тұлғаларды ЖД берген кезде, мұндай деректерді беру Акция мақсаттары үшін қажет болған кезде Қатысушылар Акция Ұйымдастырушысымен/Операторымен қарым-қатынаста тиісті үшінші тұлғалардың — жеке деректер субъектілерінің өкілдері ретінде әрекет етеді және осындай тұлғалардың Акция Ұйымдастырушысымен/Операторымен оларды ЖД өңдеуге келісуіне кепілдік береді. Қатысушылар үшінші тұлғалардың ЖД құпиялылық құқығының бұзылғаны үшін өздері жауап береді.
Акция Ұйымдастырушысы, Акция Операторы және Акция Ұйымдастырушысының табыстауы / тапсырмасы бойынша әрекет ететін өзге серіктестер жеке деректерді рұқсатсыз пайдаланудан қорғаудың қажетті шараларына кепілдік береді. Акцияға қатысу мақсатында Қатысушылардың хабарлаған барлық ЖД ҚР-ның қолданыстағы заңнамасына сәйкес және Ережелерде көрсетілген кепілдікті сақтай отырып, Акция Ұйымдастырушысымен, Акция Операторымен және Акция Ұйымдастырушысының табыстауы/ тапсырмасы бойынша әрекет ететін өзге серіктестермен сақталып, өңделеді. Акция Ұйымдастырушысы, Акция Операторлары және Акция ұйымдастырушысының табыстауы/тапсырмасы бойынша әрекет ететін өзге де серіктестер келесі ережелерді сақтауға міндетті және ЖД-ны өңдеуге қатысты Қатысушыға келесі кепілдіктерді береді:
— жеке деректерді қорғау саласындағы ҚР заңнамасының барлық қолданыстағы талаптарын, соның ішінде «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңда белгіленген ЖД операторының

қағидаларын, талаптары мен міндеттемелерін сақтай отырып, жеке деректердің өңделуін қамтамасыз етуге;
— Акция қатысушыларының жеке деректерін жинауды, соның ішінде «Интернет» ақпараттық-телекоммуникациялық желісі арқылы жүзеге асыруды қамтамасыз етуге және жүзеге асыруға, сондай-ақ ҚР аумағында орналасқан дерекқорларды пайдалана отырып, Акция қатысушыларының жеке деректерін жазуды, жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңартуды, өзгертуді), алуды қамтамасыз етуге міндетті. Акцияны өткізу мақсатында Акция Қатысушыларының ЖД жинау мен өңдеу кезінде Ұйымдастырушы, Операторлар және/немесе өзге серіктестер пайдаланатын Акция Қатысушыларының ЖД бар дерекқоры бар серверлер Интернет жаһандық желісінде болады.
Осы арқылы Акция Қатысушылары Акция мақсатында жинау және өңдеу жүзеге асырылатын ЖД-ның орналасқан жері туралы хабардар етілді деп есептеледі.
— ЖД-ны тек Акцияның өткізілу көлемінде және мақсаттарында, сондай-ақ жарнамалық мақсаттарда өңдеуге міндетті. ЖД субъектілерін қандай да бір өнімдер мен қызметтер туралы хабардар ету мақсатында ЖД-ны пайдалануға және өңдеудің өзге де түрлеріне, сондай-ақ кез келген өзге мақсаттарда тек «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңында көзделген көлемде және жағдайларда жол беріледі;
— егер Акция Ұйымдастырушысы, Акция Операторлары Акция Қатысушылары алдындағы өз міндеттемелерін орындау мақсатында Акция Қатысушыларының ЖД-сын үшінші тұлғаларға беруге немесе өзге де тәсілмен ашуға тиіс болса, аталған іс-әрекеттерді «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңның талаптарын сақтай отырып жүзеге асыруға;
— Акция Қатысушыларының ЖД-сын өңдеу кезінде ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес олардың қорғалуына, қауіпсіздігі мен құпиялылығының қамтамасыз етілуіне жауапты болуға міндетті.

8.5. Акцияға қатысу Қатысушының Акция Ұйымдастырушысына, Акция Операторларына және Ұйымдастырушының өзге де серіктестеріне Акцияның өткізілу мақсатында ЖД-ны өңдеуге, сондай-ақ ЖД құпиялылығын сақтауға, оларды өңдеу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге міндетті және автоматтандырылған деректерді өңдеу құралдарын қолдана отырып, ЖД-ны рұқсатсыз жария етуден қорғаудың қажетті шараларына кепілдік беретін Ұйымдастырушы/Оператор және өзге де серіктестердің Акция мақсаттары үшін оларды таратуына келісім берген фактісін растайды. Акция мақсатында Акция Қатысушылары хабарлаған барлық ЖД Ұйымдастырушымен/Операторымен және өзге де серіктестермен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сақталып, өңделеді.

8.6. Акция Қатысушысы Акция Операторына/Серіктесіне/Ұйымдастырушысына осы Ережелерде аталған пошта адресіне қолға беру туралы хабарламамен тапсырыс хатпен тиісті хабарлама жіберіп, ЖД өңдеуге берген келісімін қайтарып алуға құқылы.

8.7. Акция Қатысушысы өзінің жеке деректерін жарнамалық Акцияларда, таратылымдарда, хабарламаларда және жеке деректерді жинау мен өңдеу үшін жүзеге асырылатын мақсатта өзге де/кез келген коммуникацияларда пайдалануға рұқсат береді.

8.8. Қатысушының ЖД-ны өңдеуге берген келісімін қайтарып алу туралы хабарламасын алғаннан кейін Оператор оларды өңдеуді тоқтатуға және Оператордың және өзге серіктестердің табыстауы/тапсырмасы бойынша әрекет ететін үшінші тұлғаның осындай өңдеуді тоқтатуын қамтамасыз етуге міндетті және Акция мақсатында жеке деректерді сақтаудың ендігі қажеті болмаған жағдайда, аталған қайтарып алу туралы хабарлама түскен күннен бастап 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімде, Акция Ұйымдастырушысы ЖД субъектісі беретін келісімсіз ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңымен немесе ҚР басқа заңдарымен көзделген негізде өңдеуге құқылы жағдайлардан басқа кезде, жеке деректерді жоюға немесе оларды жоюды (егер ЖД өңдеу Акция Ұйымдастырушысының табыстауы/тапсырмасы бойынша әрекет ететін басқа тұлғамен жүзеге асырылатын болса) қамтамасыз етуге міндетті.

9. АКЦИЯНЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ

9.1. Осы Ережелермен **https://www.twixpromo.kz** сайтында танысуға болады

9.2. Бір Акция Қатысушысы Акцияға бір ғана мобилді телефон нөмірін пайдаланып қатыса алады. Бір Акция Қатысушысының Акцияға қатысу үшін бір мобилді телефон нөмірінен көп нөмірді пайдаланғаны анықталған жағдайда, мұндай Акция Қатысушысы Акция аясында кез келген жүлдені алу құқығынан

айырылады. Тіркелу кезінде бірнеше мобилді телефон нөмірін көрсеткен Акция Қатысушысын анықтауды сәйкестендіру бірнеше мобилді телефон нөмірімен сәйкес келетін тұрғылықты орны болып табылады, мұндай жағдайда Акция Ұйымдастырушысы Акция Қатысушысын Акцияға қатысу мүмкіндігінен айыруға және осы Акция Қатысушысы ұтып алған жүлделерді жартылай немесе толық көлемде қайтарып алуға құқылы.

9.3. Акцияға қатысу фактісі Акция Қатысушыларының өздерінің аттары, әкелерінің аттары, тектері, фотосуреттері, видео-, аудио- және олар туралы өзге материалдарды Акция Ұйымдастырушысы Акцияның өткізілуіне байланысты кез келген жарнамалық және (немесе) ақпараттық материалдарда пайдаланатынымен келіседі, бұндайда Акция Қатысушыларына қандай да бір сыйақы төленбейді. Акция Жеңімпазы бұқаралық ақпарат құралдарында сұхбаттасуға және осы Акцияның өткізілуіне байланысты дайындалған жарнамалық материалдарға арналған түсірілімдерге түсуге өз келісімін береді. Осындай жарнамалық материалдарға берілетін барлық құқықтар Акция Ұйымдастырушысына тиесілі.

9.4. Акция Қатысушысы Сайтта тіркелуі арқылы Қазақстан Республикасының әрекет етуге қабілетті азамат екенін, өзіне тиесілі нақты деректерді хабарлағанын растайды және жарнамалық акциялар, сыйлықтар, өнім үлгілері және Акция Ұйымдастырушысының өзге ұсыныстары туралы ақпарат алуға келісімін береді. Акция Қатысушысының келісімі Акция Ұйымдастырушысы мен осындай деректердің рұқсатсыз таратылуынан қорғайтын қажетті шараларды сақтайтын уәкілеттік еткен тұлғаларына Акция Қатысушысының сауалнамада көрсетілген деректерін жинау, сақтау, өңдеу және пайдалану құқығын береді, бұл Акция Ұйымдастырушысының және/немесе оның уәкілетті өкілдерінің Акция Қатысушыларымен Акция Ұйымдастырушысының жарнамалық акцияларына қатысты, соның ішінде СМС-хабарламалар мен электрондық пошта хабарламаларын жіберуді қоса, электрбайланыс желілері бойынша байланыс орнату үшін қажет. Келісім Акция Қатысушысы өзінің тіркеу деректерін хабарлаған сәттен бастап Акция Қатысушысы оларды қайтарып алған сәтке дейін жарамды.

9.5. Акция Қатысушысы 050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 97, 6-кеңсе мекенжайына қайтарып алу туралы қол қойылған жазбаша хабарлама жіберу арқылы өз келісімін қайтарып алуға құқылы, бұндайда Акция Қатысушысы хабарламада өзінің тіркеу деректері есебінде Акцияға қатысу үшін хабарлаған тегін, атын, әкесінің атын, туған күні мен мекенжайын көрсетеді.

9.6. Келісімді қайтарып алу туралы хабарлама алған жағдайда, Акция Ұйымдастырушысы мен ол уәкілеттік еткен тұлғалар осындай Акция Қатысушысының жеке деректерін өңдеуді тоқтатады және оның жеке деректерін қайтарып алу туралы хабарлама түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оның жеке деректерін жояды.

9.7. Акция Ұйымдастырушысы Акцияның өткізілуіне байланысты әрекеттердің орындалмағаны үшін жауапты болмайды, егер осындай орындамау Акция Қатысушысының берген келісімін қайтарып алу нәтижесінде Акция Қатысушысының жеке деректерінің жойылуы салдарынан орын алса. Акцияның өткізілуі барысында Акция Қатысушылары алатын жүлделердің салығын төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9.8. Акцияның өткізілу нәтижелері ақырғы болып табылады және қайта қаралмайды.

9.9. Акцияға Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы Қатысушыларға алдан ала хабарламастан және олармен келіспестен осы Ережелерді өзгертуге және толықтыруға құқылы.

9.10. Акцияға Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы Акцияның өткізілу мерзімдерін ауыстырғаны және еңсерілмейтін күш және/немесе өзінің құзыретінен тыс жағдайлармен туындаған өзге өзгертулер үшін жауап бермейді.

9.11. Қатысушы Акцияға қатыса отырып, жүлделер санының шектеулі екеніне байланысты Акция Жүлделерін алудың мүмкін еместігіне байланысты қатерді түсінеді және қабылдайды.

9.12. Акция Ұйымдастырушысының жүлделердің сапасына қатысты міндеттемелері оларды өндірушілермен берілген кепілдіктермен шектелген. Жүлделердің тұтастығы мен функциялық

жарамдылығын Жеңімпаздар жүлделерді тура алған кезде тексеруі тиіс. Жүлделердің сыртқы түрі, олардың параметрлері мен сипаттамалары олардың жарнама материалдары мен Өнімнің қаптамасындағы суреттерінен өзгеше болуы мүмкін. Жүлделердің сапасына қатысты наразылықтың бәрін тікелей тауар өндірушілеріне білдіру қажет. Акция Ұйымдастырушысы Акция Жүлделеріне кепілді жөндеу жұмыстарын жасамайды.

9.13. Жүлдені алу үшін Жеңімпаз осы Ережелердің 7.5-тармағында белгіленген мерзімде Ұйымдастырушыға жеке басын куәландыратын құжатты (жеке куәлік немесе төлқұжат) көрсетуге және Жүлдені беруге қажетті құжаттарға, соның ішінде жүккұжатқа және/немесе қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюға міндетті. Жүлдені тапсыруға байланысты салықтық міндеттемелерді орындау үшін Жеңімпаз Ұйымдастырушыға ЖСН және қажетті мәліметтерді немесе құжаттарды ұсынуға міндетті. Жеңімпаздың дербес деректері, соның ішінде ЖСН, Жүлдені ресімдеу және тапсыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттемелерді орындау мақсатында өңделеді.

9.14. Егер жеңімпаз белгіленген мерзімде 8.9-тармақтың талаптарын орындамаса, жүлдеден бас тартса немесе оны алу құқығын растамаса, Ұйымдастырушы жүлдені резервтік жеңімпазға ұсынуға құқылы. Жүлдені тапсыру, оны алуға жұмсалатын шығындар және жүлде үшін жауапкершіліктің ауысуы жүлденің түрі мен Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылатын талаптары ескеріле отырып анықталады.